

Түркістан облысының білім басқармасының
Созақ ауданының білім бөлімінің
Марал бөбежай бақшасы

«Күз келді, алақай»

«Күншуақ» ересек тобы
Тәрбиеші: Ұ.Ойсылова

2023-2024 жыл

«Күз келді, алақай!»

Алтын күз бейнесіндегі әуенді сахнаға тәрбиеші бастаған балалар жапырақ теріп, серуендеп шығады. Қолына себет ұстап, билеп жүрген Күз аруы кездеседі. (Әуеннің сөзіне қарай қимыл жасайды)

Күз ару: - Саламатсыздар ма, балалар!

Балалар: - Саламатсыз ба, Күз ару!

Күз ару: - Менің алтын түстес бау – бақшама қош келдіңіздер!

1 Тәрбиеші: Қош көрдік, Күз ару. Біздің балабақшаның балалары табиғат аясына шығып, күздің басқа мезгілдерден қандай айырмашылығы барын бақылап жүрміз.

Күз ару: - Қандай керемет, демек сендер енді менің қонағым боласындар ғой, я?

Балалар: - Ия.

1 Тәрбиеші: - Балалар, қане, күздің қандай ерекшеліктері бар? Атап берейікші Күз аруына.

1 Тәрбиеші: 1 Күз мезгілінде айналаның бәрі қандай түске боялады?

Балалардың жауабы: сары, алтын түстес т.б

2 Күз айлары қалай аталады?

Балалардың жауабы: қыркүйек, қазан, қараша

3 Күзгі табиғат түрленуіне байланысты қалай аталады?

Балалардың жауабы: Алтын күз, күрең күз, қара күз

Балалардың жауабына қарай мадақтау сөздерін қолдану.

1 Тәрбиеші: - Балалар, ендеше жайғасып отырып, Күз аруымен бірге қыздардың орындауында «Жапырақтар» биін тамашалайық.

Күз аруы: - Балалар, мен сендермен бірге « _____ » ойынын ойнағым келіп тұр. Ойынның шарты мынандай, мұқият тыңдаймыз.

(музыка қойылады)

Күз аруы: - Бәрекелді, бәріміз бірігіп, сергіп алайық.

1 Тәрбиеші: - Қане, балалар, бәріміз бірге күзгі табиғат құбылыстарын қимылмен жасап көрсетейікші. (сергіту сәті «Күз келгенде» караоке)

2 Тәрбиеші: - Ендеше, «Құлыншақ» тобының кішкентай бүлдіршіндерінің орындауында «Бұлттар биін» тамашалайық.

Күз аруы: - Қандай тамаша, енді «Құлыншақтың» бүлдіршіндерімен

« _____ » деген ойнайын. (музыка қойылады)

Ойынның шарты:

(«Құлыншақ» тобының балалары жайғасып отырады)

1 тәрбиеші: - Балалар, сонымен қатар қыс мезгілінен аман шығу үшін жәндіктерде өз қоректерін жинайды ы? Қандай жәндіктерді білеміз?

Балалардың жауабы: Аралар бал жинайды, құмырсқалар дән жинайды, көбелектер гүл шырынымен қоректенеді т.б.

Тәрбиеші: - Ендеше, қане, біздің ел қорғайтын ұлдарымыздың орындауында «Еңбекқор аралар» биін тамашалайық. (арам зам-зам музыкасы)

Күз аруы: - Балалар, күз айында сонымен қатар жеміс - жидек, көкөністер, дәнді дақылдар пісіп қысқы қоймада сақталады. Сендер күз, жеміс, көкөніс жайлы тақпақ білесіңдер ме?

Балалардың жауабы: Ия. (бастарына жеміс – көкөністің атрибутын киген балалар тақпақ айтады)

Аят: Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді.

Алихан: Дәмі аузыңнан кетпейді,

Қызыл алма, шырын бал.

Көктей тісің өтпейді

Піскен кезде үзіп ал.

Нұрым: Өсіретін бойыңды,

Дамытатын ойыңды.

Қоянға да азықпын

Сәбізбін жазықсыз.

(тақпақтар жалғаса береді) Құлыншақтың да тақпақ айтатын балалары қосылады

І тәрбиеші: Ән салындар, күліңдер

Жайнап гүлдей жүріңдер.

Күздің тойын тойлайық

Би билейік, ойнайық.

- Ендеше, қыздарымыздың орындауында «Жидек тереміз» биін тамашалайық.

Күз аруы: - Рахмет, балалар, сендермен бірге өткен күнім өте көңілді өтті. Күз мезгілінде құстар қайда ұшып кетеді?

Балалардың жауабы: - Жылы жаққа ұшып кетеді.

Күз аруы: - Адамдар қандай киім киінеді?

Балалардың жауабы: - Жылы киінеді.

І Тәрбиеші: - Жарайсындар, балалар! Ендеше, Күз арумен бірге қырга шығып, жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды тамашалаймыз ба?

Балалардың жауабы: - Ия.

Күз арумен бірге әуенмен шығып кетеді.